

**МККК №17 «Шұғыла» МДҰ-ның инклюзивті білім беру кабинетіндегі  
психологиялық-педагогикалық консилиумның  
хаттамасы №2**

6.01.2026ж.

Қатысқандар:

1. МККК №17 «Шұғыла» МДҰ меңгерушісі – Жетилгенова Д.Н.
2. ИБК-мамандары:
  - 1) Әдіскер - Курамысова Ж.А.
  - 2) Психолог – Сорокина Т.В.
  - 3) Логопед-дефектолог – Омарова С.А.
  - 4) Тәрбиешілер, музыка, дене шынықтыру жетекшілері

**Күн тәрбінде төмендегідей мәселелер қаралды.**

1. Арнайы мамандардың жүргізілген жұмыс нәтижесін, аралық диагностика нәтижесін сараптауы.
2. Ерекше білімді қажет ететін балаларға жеке дамыту бағдарламасын құру, коррекциялық-түзету жұмысын жалғастыру.

**Ерлан Арлан**, алғашқы диагностика көрсеткішімен салыстырғанда әлде қайда жоғары көрсеткіштер көрсетті. Ұйымдастырылған оқу әрекетіне қазіргі таңда қызығушылығы артты, сабақ барысында педагогтың айтқан тапсырмаларының барлығын орындауға тырысады. Түстерді топтастыра алғанымен, атауларын әлі білмейді. Санау дағдылары қалыптаспаған. Дыбыстарға еліктеп, буындарды қайталауға тырысады.

**Наурызбаев Олжас**, оқу жылының басымен салыстырғанда сабаққа деген қызығушылығы артты. Айсұлу бұрынғысынан қарағанда ашылды, қарым-қатысқа оңай түседі. Берілген тапсырманы соңына дейін орындайды. 3-ке дейін педагог көмегімен санай алады. Түстерді топтастырады, бірақ атауларын атап ажырата алмайды. Құрастыру дағдылары мен сенсорлық қабілеттері қалыптасуда.

**Сайфуллина Сафия**, негізгі түстерді ажыратып, атайды. 10-ға дейін санау дағдылары қалыптасқан. Байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасу үстінде, сұраққа жауап бере алады. Баланың бір затқа ден қойып жұмыс жасауы қиынға соғады, кез келген айналасындағы затқа аландап кетеді. Соған қарамастан барлық берілген тапсырманы тияқты орындайды.

**Жанбулат Еркебулан**, мамандардың сабағына қызыға қатысады. Әр тапсырманы тиянақты, соңына дейін орындауға тырысады. Түстерді ажырату барысында атауларын шатастырады, бірақ топтастырады. Тура санау дағдысы қалыптасқан. Қарым-қатынасқа бірден түседі. Ұсақ заттармен жұмыс жасағанды ұнатады. Баланың есте сақтау қабілеті, ойлау қабілеті нормаға жақын. Байланыстырып сөйлеу тілі дамыған, сұрақтарға жауап беріп, сұрақ қояды.

**Денисова Ангелина**, алғашқы диагностика көрсеткішімен салыстырғанда әлде қайда жоғары көрсеткіштер көрсетті. Ұйымдастырылған

оқу әрекетіне қазіргі таңда қызығушылығы артты, сабақ барысында педагогтың айтқан тапсырмаларының барлығын орындауға тырысады. Түстерді топтастыра алғанымен, атауларын әлі білмейді. Санау дағдылары қалыптаспаған. Кеңістікті бағдарлай алмайды, тек дефектолог көмегімен қайталайды.

**Арсенұлы Арслан**, танымдық қабілеттері алғашқы диагностика көрсеткішімен салыстырғанда әлде қайда жоғары көрсеткіштер көрсетті. Ұсақ қол моторикасы жақсы дамыған. Ұйымдастырылған оқу әрекетіне қазіргі таңда қызығушылығы артты, сабақ барысында педагогтың айтқан тапсырмаларының барлығын орындауға тырысады. Түстерді топтастыра алады, атауларын біледі, ретімен қоя алады. Санау дағдылары қалыптасуда. Кеңістікті бағдарлай алмайды, тек дефектолог көмегімен қайталайды. Зейіні тұрақсыз, тапсырма орындау барысында басқа заттарға алаңдай береді.

**Умурзаков Богдан**, танымдық қабілеттері алғашқы диагностика көрсеткішімен салыстырғанда әлде қайда жоғары көрсеткіштер көрсетті. Өз бетімен санай алады, кейде шатастырады. Негізгі түстерді ажыратады, топтастырады, атайды. Түзету жұмыстары кезінде тапсырмаларды аяғына дейін орындауға тырысады, өзіне қиынға соққан тапсырмаларды орындамай, кейде қырсығып қалады. Дегенмен, түзету жұмыстары өз нәтижесін беруде.

**Габидулла Әмре**, өте гипербелсенді бала. Жеке сабақтарға арасында жылап келеді. Өзіне ұнаған ғана тапсырманы орындағысы келеді. Топта балалармен қарым-қатынасқа түспейді, олармен ойнамайды. Топтық ҰОҚ кезінде бір орында отырып тапсырмаларды орындай алмайды. Танымдық қабілеті төмен деңгейде. Бала сұрақ қойып, оған жауап беруді білмейді. Байланыстырып сөйлеу дағдысы дамымаған. Сөздік қоры тайыз.

**Зайдуллаева Айбиби**, нұсқауларды тұрмыстық деңгейде түсінеді, көмек арқылы орындайды, қарсылық көрсетпейді. Зейіні тұрақсыз, ойын жинақтай алмайды. Кеңістікті бағдарлау деңгейі орташа, жыл мезгілдерін, апта, ай атауларын білмейді. Тапсырмаларды орташа деңгейде орындай алады. Ойлау операциясы, қабылдауы орташадан төмен. Негізгі түстерді ажыратып, топтастыра алады, бірақ атауларын шатастырады. Байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасу үстінде.

#### **Ұсыныстар:**

- Балалардың ойын іс әрекетін қалыптастыру және дамытуды жалғастыру;
- Балалардың тілге байланысты зейін мен есте сақтау процестерін дамыту;
- Танымдық процестерін қалыптастыру;
- Ұсақ қол моторикасын дамыту;
- Эмоциялық ерік сферасына назар аудару.

Күн тәртібінде қаралған мәселені және қатысушы мамандардың қорытындылары мен ұсыныстарын ескере отырып, төмендегідей ұсыныстар қабылданды.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған базистік оқу жоспарын басшылыққа ала отырып, оқу іс-әрекеттерін жүргізу;
2. Әр маман және тәрбиешілер жеке дамыту бағдарламасына сай жұмыс түрлерін жүргізсін.

МКҚК №17 «Шұғыла» МДҰ меңгерушісі:

Хатшы:

Әдіскер:

Психолог:

Логопед-дефектолог:

Дене шынықтыру жетекшілері:

Музыка жетекшілері:

*D. N. Zhetylganova*

*S. A. Omarova*

*J. A. Kuramysova*

*T. V. Sorokina*

*S. A. Omarova*

*A. A. Saktaganova*

*G. B. Bizhan*

Жетилгенова Д.Н.

Омарова С.А.

Курамысова Ж.А.

Сорокина Т.В.

Омарова С.А.

Сактаганова А.А.

Бижан Г.Б.



MADE WITH  
Scanner  
App

